

Бесқарағай аудандық мәслихатының шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 08 маусымдағы № 3/3-VI шешімі

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Бесқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Бесқарағай аудандық мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Бесқарағай аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" 2014 жылғы 31 наурыздағы № 20/6-V (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3309 нөмірімен тіркелген, "Бесқарағай тынысы" газетінің 2014 жылғы 11, 18 маусымда № 48, 50 сандарында жарияланған);

2) "Бесқарағай аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" Бесқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы № 20/6-V шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 19 қазандағы № 36/15-V (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4217 нөмірімен тіркелген, "Бесқарағай тынысы" газетінің 2015 жылғы 25 қарашада № 95 санында жарияланған).

2. Осы шешім қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

С. ЕЛЕМЕСОВ

Бесқарағай аудандық

мәслихатының хатшысы

Қ. САДЫҚОВ